

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2  
«Мектепке дейінгі ұйым өміріндегі қызықты математика»

Өткізу күні: 26 қараша 2025 жыл

Өткізу форматы: офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысушылар: балабақша әкімшілігі, педагогтер

Мақсаты: математика негіздерін меңгерту үдерісінде қызықты тапсырмаларды қолданудың тиімділігін зерделеу және талдау.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Теориялық бөлім:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы – МДҰ меңгерушісі
2. «Серуен кезіндегі математикалық ойындар» – тәрбиеші Ахметова Л.И.
3. «Ертегі – математика негіздерін қалыптастыру құралы» – топ тәрбиешісі Кашина Т.В.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысы

Практикалық бөлім:

Сергіту сәті

Логикалық-математикалық тапсырмалар

Рефлексия

Іс-шара барысы:

1. ТЫНДАЛДЫ: меңгеруші Керимбекова Г.Б. – алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.

2. Сөз сөйледі: әдіскер Каюмова К.Р. – жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестің тақырыбы мен жоспары таныстырылды.

Ол өз сөзінде математиканың ересектер үшін күрделі әрі абстрактілі ғылым екендігін атап өтті. Ал мектепке дейінгі балалар үшін бұл одан да қиын болуы мүмкін. Егер балалар математика сабақтарын музыка, дене шынықтыру немесе бейнелеу іс-әрекетімен салыстыратын болса, математика көбіне қызықсыз көрінеді.

Баланың үстелде отырып түсініктеме тыңдауы, тек сұралғанда ғана жауап беруі – жалықтырады. Сондықтан математикаға деген қызығушылықты қалай арттыруға болады?

Педагог баланың математиканы танудағы іс-әрекетін қызықты әрі қолжетімді етуі қажет. Баланың негізгі іс-әрекеті – ойын, сондықтан математика да ойын арқылы, қызықты формада ұсынылуы тиіс.

Балалардың жақсы көретін тағы бір нәрсесі – ертегілер. Ертегілер әрі қызықты, әрі танымдық. Егер ертегіні математикамен ұштастырсақ, балалар үшін оқу үрдісі қызықты әрі пайдалы болады. Алайда бұл біріктіру табиғи болуы керек: бір жағынан оқу тек ойынға айналып кетпеуі, екінші жағынан ертегі күрделі математикалық ұғымдармен «күңгірттенбеуі» тиіс.

Ертегі желісі балалардың назарын ұзақ уақыт бойы ұстап тұрады, ал басты мақсатқа жету үшін қойылған тапсырмалар олардың ынтасын арттырады.

2. ТЫНДАЛДЫ: тәрбиеші Ахметова Л.И. – «Серуен кезіндегі математикалық ойындар» (материал қоса беріледі).

Сөз сөйледі: тәрбиеші Колесниченко М.В. – Серуен кезінде балалар оқу материалын жақсы меңгереді, педагогикалық үдерістің тиімділігі артады.

3. ТЫНДАЛДЫ: тәрбиеші Кашина Т.В. – «Ертегі – математика негіздерін қалыптастыру құралы» (презентация, педагогтармен ойындар қоса берілген).

Сөз сөйледі: Русакова А.А. – Ертегі математика негіздерін қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады, ол балаларды кейіпкерлерімен, сюжетімен және фантастикалық образдарымен тартады.

4. Қорытынды:

Ахметова Л.И. (ересек топ) және Колесниченко М.В. ( даярлық тобы) өткізген ашық іс-әрекеттер талданып, педагогтер тарапынан өзін-өзі талдау жүргізілді, хаттама жасалды.

5. Әр түрлі мәселелер.


#### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:**

1. Математика негіздерін үйретуде казак халық ертегілері мен басқа да қызықты материалдарды қолдану.

2. Аталған бағыттағы жұмысты жалғастыру.

3. Топтағы пәндік-дамыту ортасын толықтырып отыру.

Меңгеруші  Керимбекова Г.Б.

Хатшы:  Курманалина А.Ж.